

“Bal Ayim” бебекжай бақшасы

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

**Топ: “Балдырған” аралас тобы
Топ тәрбиешісі: Сейлова Сауле**

2024 - 2025 оқу жылы



Марина Маметова

Қысқы мәдениет жылдары

Қыс қызығы

Максаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін көсіптеуде, қысқы ойындар мазмұнын менгерту, спорт туралы білімдерін көсіптеуде, қызыгушылықтарын арттыру. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза ауада шынықтыру. Іс – әрекетке деген қызыгушылығын ойын арқылы қалыптастыру. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Қажетті құрал – жабдықтар: Топ эмблемалары, кедергілер, шелектер, күрек, пакеттер, Аққалага керекті заттар, сәбіз берілген суреттері.

Кейіпкерлер: Қасқыр, Қоян.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар «Bal - Aiym» бөбекжай – бақшасы «Балдырыған» аралас тобының «Қыс қызығы» атты эстафеталық жарысқа қош келдініздер.

Сауығып айдай толасын,

Спортты серік ете біл.

Жақсы азамат боласын,

Женімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға?

Болмасанда үқсанап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда.

- Балалар қонақтармен амандасып алайық.

Сәлем бердік алтын күн,

Сәлем бердік ашық аспан.

Сәлем бердік Жер Ана,

Сәлем бердік баршаңа.

«Энүран» шырқалады.

Балалар алаңда екі қатарга болінеді.

Жүргізуші: Шанамен зырлап желетін,

Шанғы, каньки тебетін.

Аққала жасап ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсын?

Балалар: Қыс мезгілі.

-Дұрыс айтасыңдар, балалар. Ой, караңдаршы бізге қонақтар келе жаткан секілді. Мынау келе жатқан Акқала, Қоян, Қасқыр ғой.

Аңдар ортага келіп амандасады. Сәлеметсіндерме, балалар мұнда не болып жатыр? Сендердің қуангап дауыстарыңды естіп қонаққа келіп қалдық.

Жүргізуши: Сәлеметсіздерме қош келдініздер, біздің балалар Қыс қызығы атты эстафеталық жарыста бак сынамақшы ендеше сол қызықты сәттің күәгері болыңыздар.

Намысы бар балапандар қайдасың,

Білген дұрыс бұл спорттың пайдасын.

«Ақ қоян» және «Ақ Аю» топтарын топбасшыларымен ортаға шақырамыз.

Міне балалар шықты алаңға,

Жас спортшылар жеке – жеке команда.

Ал, балалар өздерінді танындар,

Ептілікпен батылдықты көрсетіп,

«Ура» деген ұранды біз бастаймыз.

Жарысымызды ал енді бастаймыз

«Женіске жетеміз!» деп,

Жалынды ұран тастаймыз.

«Ақ Аю» топбасшысы Серікбай Абай

Ұраны: Біріміз бәріміз үшін,

Бәріміз біріміз үшін.

«Ақ Қоян» топбасшысы Қаби Жүсіп

Ұраны: Қояндарша ыргимыз,

Намысты қолдан бермейміз.

Жүргізуши: Ешкімнің жоқ алалар,

«Жеңімпаз» болу үлкен сын.

Оны әділқазы бағалар,- деп,

Әділ қазыларды ендеши,

Шақырайық ортага,

Әділ баға беруге.

Әділ қазылар алқалары: **Бөбекжай мемгерушісі:** Әбуова Әлима апай.

Бөбекжай әдіскері: Ұзақбаева Нұргұл апай.

Бөбекжай медбикесі: Садықова Ақмарал апай.

Топтарымызға сәттілік тілер қошемет көрсетейік.

Жүргізуші: Бүгінгі сайыс кезеңнен тұрады.

1. Кедергілерден оту.

2.Хоккейшілер.

3. Аққала құрастыру.

4. Қоян мен Қасқырды тамақтандыр.

5. Кім епті?

Жүргізуші: Шанасына мінеді,

Мәз мәйрам бол күледі.

Жарысамыз бәріміз,

Жарасып тұр сәніміз.

1 кезең: «Кедергілерден оту» деп аталады.

Ойын шарты: Эр топта шелекте майда доптар берілген. Ортада орналасқан кедергілер арасымен оту арқылы доптарды себетке жинау керек бірінші болып допты тауысқан топ женіске жетеді.

Қоян: Балалар ойын алдында кызықты болсын деп жұмбак жасырғым келіп тұр жұмбак шешуге қалай қарайсындар?

1. Қыста ғана болады,

Үстасаң колың тонады. (Кар)

2. Жалт – жұлт етеді,
Үстасаң еріп кетеді. (**Мұз**)
- Ал, балалар, сәттілік.

2 кезең: «Хоккейшілер» деп аталады.

Ойын шарты: Балалар хоккей таяқшасымен шайбаны кедергілер арасынан айналып отіп, мәреке бірінші болып келген топ женіске жетеді.

Қасқыр: Меніңде дайындаған келген жұмбактарым бар.

1. Тікен тікен тік пісте,
Кысы, жазы бір түсте. (**Шырша**)
2. Мұрны сәбіз үп-үшкір,
Көзі көмір қап – қара.
Көне шелек басында,
Сыпырғышы қолында. (**Аққала**)

3 кезең: «Аққала құрастыру» деп аталады.

Ойын шарты: Балалар берілген капеттерге қарларды толтырып, кедергілер арасымен жүгіре отырып, капеттердің көлеміне қарай орналастырып, Аққала құрастыу қажет. Бірінші болып Аққала құрастырган топ женіске жетеді.

4 кезең: «Қоян мен Қасқырды тамақтандыру» деп аталады.

Ойын шарты: Конакқа келген Қасқыр мен Қоянның азықтарын, яғни сәбіз бен балықты кедергілердің арасымен жүгіре отырып жинау, қай топ бірінші аяқтайды сол топ женіске жетеді.

5 кезең: «Кім епті?» деп аталады.

Ойын шарты: Балалар ыдыстағы қарды қалақпен кедергілер арасынан жүгіріп, шелекке тасу. Қай топ шелекке көп қар жинаса, сол топ женіске жетеді.

Жүргізуші: Назар аудар денсаулыққа,

Өмірде бақыттысың денің сауда.

«Денсаулық терең бақыт» деген сөзді,

Күр айтпаған ұлы Абай данамызда.

Денің сауда күштісің бұл әлемде,

Денің сауда сұлусың жер бетінде. – дер ортага әділ қазылардың әділ казылығын айтатын мүшелерді шакырамыз.

Марапаттау сәті.

1 Орын: *"Ак аю"* тобы.

2 Орын: *"Ак қадын"* тобы.

Жүргізуші: Үрпақ керек ертеңгі алда,

Болашакты болжайтын.

Дені таза, тәні таза,

Елін жерін қорғайтын.

Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтын кепілі - салауаттылық. «Қыс қызығы» атты спорттық эстафеталық жарысымызды осымен аяқтаймыз. Келесі кездескенше сау болыныздар!